

**Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асырушы инвесторлармен келісім-шарт жасау кезінде жеңілдіктер мен пұрсаттылық беру рәсімдерін жетілдіру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 01/7 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 27 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1120. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2003 жылғы 18 наурыздағы N 18-п бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асырушы инвесторлармен келісім-шарт жасау кезінде жеңілдіктермен пұрсаттылық беру Ережесін бекіту туралы" 2000 жылдың 6 наурызындағы N 349 Жарлығын орындау үшін жеңілдіктер мен пұрсаттылық беру рәсімдерін жетілдіру мақсатында  
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1 . Қ о с а б е р і л г е н :

1) "Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асырушы инвесторлармен келісім-шарт жасау кезінде жеңілдіктер мен пұрсаттылық берудің мөлшері мен тәртібі туралы" нұсқау (Қосымша 1);

2) Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асырушы инвесторлар мен келісім-шарт жасау кезінде жеңілдіктер мен пұрсаттылық алуға арналған Өтінімнің нысаны бекітілсін (Қосымша 2).

3) 2004 жылға дейінгі отандық және шетелдік тікелей инвестицияларды тартудағы ең маңызды өндірістер тізбесі (3 Қосымша).

*Ескерту: Бірінші тармақ толықтырылды, өзгертілді - ҚР Инвестициялар жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 22 мамырдағы N 01/31 бұйрығымен , ҚР Индустрия және сауда министрлігі инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2002 жылғы 9 желтоқсандағы N 240-П бұйрығымен .*

2. Заңда белгіленген тәртіпте "Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асырушы инвесторлармен келісім-шарт жасау кезінде жеңілдіктер мен пұрсаттылық берудің мөлшері мен тәртібі туралы" нұсқау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен келісілсін.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар

жөніндегі комитетінің 1998 жылдың 7 наурыздағы "Салықтық жеңілдіктер берудің үрдісін жетілдіру" N 131 қаулысы күшін жойды деп танылсын.

*Ескерту: Тармақ өзгертілді - ҚР Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 2 сәуірдегі N 25-П*

**б ұ й р ы ғ ы м е н**

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Төраға*

**1 Қ о с ы м ш а**

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар жөніндегі

агенттік Төрағасының

бұйрығымен бекітілген

N 01/7 14 сәуір 2000 ж.

**Н ұ с қ а у л ы қ**

**"Экономиканың басым секторларында**

**инвестициялық қызмет атқаратын инвесторлармен**

**өзара шарт жасасқан кезде салық жеңілдіктері мен пұрсаттылық берудің тәртібі мен көлемі туралы"**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" N 75 Заңының 7-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 6 наурыздағы "Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асырушы инвесторлардың келісім-шарт жасау кезінде жеңілдіктер мен пұрсаттылық берудің Ережелерін бекіту туралы" N 349 Жарлығына сәйкес дайындалған (өзірленген).

2. Нұсқаулық экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет атқаратын инвесторларға Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитетінің жеңілдіктер мен пұрсаттылық беруінің мөлшері мен тәртібін анықтайды.

*Ескерту: Тармақ өзгертілді - ҚР Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 2 сәуірдегі N 25-П бұйрығымен .*

3. Жеңілдіктер мен пұрсаттылық берудің шарттары:

1) инвестициялық жобаның Қазақстан Республикасындағы экономиканың басым секторларының Тізбесіне енуі, бұл Тізбе Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 сәуірдегі "Отандық және шетел инвесторларын тарту үшін Қазақстан Республикасындағы экономиканың басым секторларының

Тізбесін бекіту туралы" N 3444 Жарлығымен бекітілген, бұл Тізбе отандық және шетел инвестицияларын 2002 жылғы кезеңге дейін тарту үшін еліміздің ең маңызды өндірістерінің тізімі бойынша әзірленеді.

2) Инвестициялық жобаны іске асыру мақсатында қазақстандық заңды тұлғалардың негізгі қаражаттарына (негізгі капиталына) тікелей инвестициялар а у д а р у .

3) Инвесторларда міндеттемелерін орындауға қаржылық, техникалық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктердің бар екенін дәлелдейтін құжаттарды ұсыну.

## 2. Салық жеңілдіктерін берудің мерзімдері

4. Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес салық жеңілдіктері инвесторларға табыс салығын, жер салығын, мүлікке салынатын салықты осы Нұсқаулықта көрсетілген мерзімдер ішінде төлеуден босату түрінде беріледі. Салық жеңілдіктері негізгі қаражаттарға (негізгі капиталға) салынатын инвестициялардың көлеміне және экономиканың басым секторларына енуіне б а й л а н ы с т ы б е р і л е д і .

5. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті салық жеңілдіктерін төмендегі таблицада көрсетілген мерзімдерге б е р е д і :

*Ескерту: Тармақ өзгертілді - ҚР Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 2 сәуірдегі N 25-П бұйрығымен .*

----- N !Негізгі қаражатқа !			
Салық	жеңілдіктерінің	әрекет	мерзімі
	!(негізгі	капиталға)	!
	!инвестициялардың		!
	!барлық көлемі		!
	!көрсетілген	эконо-	!
	!миканың	басым сек-	!
	!торының	атауы	!
	!(млн. АҚШ	долл.)	!
			!Табыс !
Мүлікке			!Жер
	!салығы *	!салынатын	!салығы,
	!жыл	!салық,	!жыл
	!	!жыл	!
			!Өндірістік
-----1. !Өндірістік			
инфрақұрылым			
-----10-ға дейін			

2. 10 - н а н ж о ғ а р ы  
Өңдеуші өнеркәсіп  
1 - г е д е й і н  
1 - д е н 5 - к е д е й і н  
5 - т е н ж о ғ а р ы
3. Астана қаласының объектілері  
10 - ғ а д е й і н  
10 - н а н ж о ғ а р ы
4. Тұрғын үй, әлеуметтік сала және туризм объектілері  
4 - к е д е й і н  
4 - т е н 10 - ғ а д е й і н  
10 - н а н ж о ғ а р ы
5. Ауыл шаруашылығы  
1 - г е д е й і н  
1 - д е н ж о ғ а р ы

\* - Табыс салығын төлеуден босату салық салынатын табысты алған мерзімнен бастап 5 жылға дейін беріледі, бірақ өзара шарт жасалған кезден 8 жылдан аспауға тиіс.

\*\* - Салынған тұрғын үйлерді өткізуден түскен табыстар аталған өткізудің басталған жылынан бастап табыс салығын төлеуден босатылады.

### 3. Салық жеңілдіктерін беру тәртібі

6. Инвесторға салық жеңілдіктерін беру тәртібі шарт жасасқан кезде инвестор қызметі түрлерінің ұзақтығы мен санына байланысты анықталады.

Бұл орайда инвестор төмендеп статустардың бірін иеленуге тиіс:

- 1) жаңадан құрылған ұйым немесе жаңадан тіркелген жеке кәсіпкер;
- 2) нақты ұйым немесе нақты жеке кәсіпкер.

Салық жеңілдіктері мен пұрсаттарды беру мақсатында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитетіне өзінің әділет органдарында тіркелген жылы инвестициялық өтінім берген, жаңа өндіріс орнын құруды немесе экономиканың басым секторларында кәсіпорындардың банкроттығына байланысты жойылғандар орнына қызметті жүзеге асыруды мақсат тұтқан заңды және тұлғалы адамдар жаңадан құрылғандар болып табылады.

Инвесторға салық жеңілдіктерін беру тәртібі төмендегі таблицаға сәйкес анықталады.

----- Қызмет !		Салық
жеңілдіктерін	анықтау	базасы
түрі	!-----	
!	Кіріс салығы	! Мүлік салығы ! Жер салығы

-----жаңадан		Шартта	
шартқа	сәйкес	шартқа	сәйкес
құрылған	анықталған	инвестициялық	инвестициялық
ұйым	инвестициялық	жобаны іске	жобаны іске
немесе	қызметтен	асыру үшін	асыру үшін
жаңадан	алынатын түсімді	қажетті барлық	қажетті барлық
тіркелген	салық	мүлік	жер учаскелері
ж е к е			
к ә с і п к е р			

-----нақты		ұйым	Шартта
шартта	анықталған	шартта	анық.
анықталған	шартта	анықталған	шартта
немесе	инвестициялық	инвестициялық	талған инвес
нақты жеке	қызметтен түсімді	қызмет үшін	тициялық қыз
кәсіпкер	салықтың өсімі	қажетті жаңа	мет үшін
		немесе қосымша	қажетті жаңа
		салынған мекен-	немесе қосым.
		жайлар, құрылыстар,	ша пайдала.
		алынған жабдықтар	нылған жер
			у ч а с к е л е р і

-----Қызметтің бірнеше түрлері ( қызметтің бірнеше түрлері бойынша кірістері бар, әртүрлі ставкалар бойынша салық салынатын және (немесе) кіріс салықтарына салық салудан басталған заңды тұлғалар олар бойынша жеке есеп жүргізуге міндетті.

-----жаңадан		Шартта	
шартта	анықталған	шартта	анық.
анықталған	шартта	анықталған	шартта
құрылған	инвестициялық	инвестициялық	талған
ұйым немесе	қызметтен алынатын	қызмет үшін	инвестиция.
жаңадан	түсімді салық	қажетті мүлік	қызмет үшін
тіркелген			қажетті жер
жеке			у ч а с к е л е р і
к ә с і п к е р			

-----нақты		ұйым
н е м е с е		
н а қ т ы	ж е к е	
к ә с і п к е р		

1. Қызметтің жаңа түрі	Шартта анықталған инвестициялық қызметтен алынатын	шартта анықталған инвестициялық қызмет үшін	шартта анық талған инвестиция.
------------------------	--	---	--------------------------------

түсімді салық қажетті мүлік лық қызмет  
 жер учаске. үшін қажетті  
 лері

2. Қызметтің Шартта анықталған шартта анықталған шартта анық  
 әдеттегі инвестициялық инвестициялық талған  
 түрі қызметтен түсімді қызмет үшін инвестиция.  
 салықтың өсімі қажетті жаңа лық қызмет  
 немесе қосымша үшін қажетті  
 салынған мекен - немесе қос.  
 жайлар, алынған ша алынған  
 жабдықтар жер учаске.  
 л е р і

----- нақты ұйым немесе жеке  
 кәсіпкер үшін түсімді салық өсімі шарт жасасқан жылдың алдындағы соңғы үш  
 календарлық жылдың бірінен алынған барынша көп түсімді салықпен салыстыру  
 б о й ы н ш а е с е п т е л і н е д і .

Жеңілдіктерді анықтау базасына есепті Қазақстан Республикасы Қаржы  
 министрлігі мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің  
 нормативтік актілеріне сәйкес салық төлеушінің тіркеу орны бойынша салық  
 қызметі органдары жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі  
 комитетінің сұрауы бойынша жеңілдіктер мен пұрсаттар алуға әрекеттеніп  
 отырған салық төлеушінің тіркелу орны бойынша салық комитеттері нақтылы  
 салық төлеушіге қатысты қажетті ақпараттарды береді.

*Ескерту: Тармақ өзгертілді - ҚР Сыртқы істер министрлігі  
 Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 2 сәуірдегі N 25-П  
 бұйрығымен .*

7. Салық жеңілдіктері мен пұрсаттарды Қазақстан Республикасы Сыртқы  
 істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті инвестормен шарт жасасу  
 жолымен бере алады. Жеңілдіктер мен пұрсаттарды алғанда инвестор тиісті  
 декларацияларды тапсырудан босатылмайды.

*Ескерту: Тармақ өзгертілді - ҚР Сыртқы істер министрлігі  
 Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 2 сәуірдегі N 25-П  
 бұйрығымен .*

8. Шарт жасасу мақсатында жеке және заңды тұлғалар Қазақстан  
 Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитетіне  
 бекітілген үлгідегі өтінімді және осы бұйрыққа 2 Қосымшада көрсетілген  
 өтінімді қоса барлық құжаттарды тапсырады. Инвестициялық өтінімде

көрсетілген негізгі қаражатқа (негізгі капитал) тікелей инвестициялар көлемі өзіне өтім бергенге дейінгі үш айда өндірілген инвестицияларды қоспауға тиіс.

*Ескерту: Тармақ өзгертілді - ҚР Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 2 сәуірдегі N 25-П бұйрығымен .*

9. Шарт өзіне инвестицияларды енгізудің шектеулі мерзімдері бойынша инвестор міндеттемелерін енгізетін (өндірістік объектілерді, жабдықтарды іске қосу) қажетті тоқсандық жұмыс бағдарламасын анықтайды. Бекітілген инвесторлар Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитетіне шарт әрекеті мерзімі ішінде тоқсан сайын есеп беруге тиіс.

*Ескерту: Тармақ өзгертілді - ҚР Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 2 сәуірдегі N 25-П бұйрығымен .*

10. Негізгі капиталға инвестициялар енгізу мерзімдері жұмыс бағдарламасына сәйкес осы Нұсқаудың 5-тармағында көрсетілген салық жеңілдіктерін берудің ең аз мерзімдерінен асып кетпеуге тиіс.

#### **4. Кеден салығын салудан босату тәртібі**

11. Инвестор Қазақстан Республикасының заң ережелеріне сәйкес жабдықтарды, шикізатты және материалдарды импортқа шығарғанда кеден салығын салудан толық немесе жартылай босатылады.

12. Кеден салығын салудан босатуға Қазақстан Республикасының территориясына әкелінетін тауарлардың өндірісі жоқ болған жағдайда немесе олар шектеулі мөлшерде өндірілетін болса және қызметті жобаға сәйкес жүзеге асыруға мүмкіндік бермесе рұқсат беріледі.

Кеден салығын салудан босату мөлшері мен мерзімдерін агенттік тарифтік реттеулерді жүргізуге жауап беретін мүдделі министрліктермен және агенттіктермен бірге анықтайды. Олар агенттікке өз қорытындыларын агенттіктен тиісті ұсыныс түскеннен кейін 20 күннен кешіктірмей беруге тиіс.

#### **5. Мемлекеттік натур грантын беру тәртібі**

13. Мемлекеттік натур гранты инвестордың меншігіне тиісті мемлекеттік органдардың келісімімен негізгі қаражатқа (негізгі капитал) тікелей инвестициялар көлемінің 30 процентінен аспайтын мөлшерде беріледі. Егер сұралған натур грантының бағалы құны көрсетілген барынша көп мөлшерден асып кетсе, инвестордың туындаған айырмашылықты белгіленген заң тәртібінде төлеуге құқы бар.

#### **6. Жеңілдіктер мен пұрсаттар әрекетін тоқтату**

14. Жеңілдіктер мен пұрсаттар әрекеті шарт орындалған жағдайда, сондай-ақ нақтылы заң ережелерінде көрсетілген негіздер бойынша шарт бұзылған жағдайда тоқтатылады.

2 Қ о с ы м ш а

Қазақстан

Республикасының

Инвестициялар

жөніндегі

агенттік

Төрағасының

бұйрығымен

бекітілген

№ 01/7 14 сәуір 2000 ж.

**Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде жеңілдіктер мен пұрсаттылық алу үшін ӨТІНІМ**

**I. Инвестор туралы мәліметтер.**

1. Заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты:

\_\_\_\_\_

2. Мекен-жайы: \_\_\_\_\_

3. Банктік реквизиттер (РНН қоса) \_\_\_\_\_

4. Ұйымның бірінші басшысының немесе жеке кәсіпкердің қысқаша түйіндемесі: \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_ факс \_\_\_\_\_ электронды пошта \_\_\_\_\_

5. Менеджердің қысқаша түйіндеме жобасы: \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_ факс \_\_\_\_\_ электронды пошта \_\_\_\_\_

II. Инвестициялау үшін таңдап алынған қысқаша анықтамасы (инвестициялық жалпы көлемін, негізгі капиталдағы инвестицияның көлемін және жобаның өтелу мерзімін көрсете отырып) \_\_\_\_\_

III. Инвестициялаудың қаржылық мүліктері  
Қаржыландыру көздері. \_\_\_\_\_

IV. Инвестордың техникалық және ұйымдастыру мүліктері  
Бұрынғы жобалардың тәжірибесі: \_\_\_\_\_

Ұ қ с а с т ы қ :

Ж а ң а :

V. Инвестордың міндеттемесі инвестициялық жобаны толық және өз уақытында жүзеге асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Ұйымдастыру және өтінімдерге сараптама жүргізу, сондай-ақ сараптау және келісім шартты дайындау кезінде инвестор агенттікке жан-жақты қолдау және көмек көрсетеді, сондай-ақ барлық қажетті мәліметтерді береді.

Өтініш білдірген инвестор өтінімде айтылғандар мен құжаттарда көрсетілген мәліметтердің растығын мәлімдейді және оған кепілдік береді.



Инвестор \_\_\_\_\_

(қолы, мөр) \_\_\_\_\_

мерзімі

**Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асырушы инвесторлармен келісім-шарт жасау кезінде жеңілдіктер мен пұрсаттылық алу үшін өтінімдерді реттеуге керекті құжаттардың ТІЗІМІ**

1. Заңды тұлғаның мемлекеттік реттеу туралы куәлігі.
  2. Заңды тұлғаның статистикалық карточкасы.
  3. Жарғы (нотариалды куәландырылған).
  4. Құрылтай шарты (нотариалды куәландырылған)
  5. Жеке кәсіпкердің салықтық тіркеуден өткендігі туралы нотариалды куәландырылған құжаттардың көшірмесі.
  6. Инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық немесе бизнес жоспарының негіздемесі.
  7. Соңғы 3 жылда жүргізілген есептеулердің жылдық жиынтық кірістері туралы декларацияның көшірмесі (не болмаса мекеменің қолданылған кезеңдегі).
  8. Жобаны іске асыру кезінде жаңадан салынған ғимарттың, құрылыс немесе сатып алынған құрал-жабдықтардың құны туралы анықтама.
  9. Жобаны іске асыру үшін қажетті жердің көлемі мен құны туралы анықтама
  10. Инвестордың қаржы мүмкіндігін дәлелдейтін құжаттар.
  11. Қолда бар мүлкінің құны туралы анықтама.
  12. Қолда бар жер учаскесінің құны мен көлемі туралы анықтама.
- Агенттік инвестициялық жобаны іске асыруға қатысты өтінімді қарау кезінде қосымша мәліметтерді талап етуге құқылы.

3 Қ о с ы м ш а

Қазақстан

Республикасының

Инвестициялар

жөніндегі

агенттік

Төрағасының

бұйрығымен

бекітілген

№ 01/7 14 сәуір 2000 ж.

*Ескерту: 3 Қосымшамен толықтырылды, өзгертілді - ҚР Инвестициялар жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 22 мамырдағы № 01/31 бұйрығымен, ҚР Индустрия және сауда министрлігі инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2002 жылғы 9 желтоқсандағы № 240-П бұйрығымен.*

## 2004 жылға дейінгі отандық және шетелдік тура инвестициялар тарту үшін маңызды өндірістер тізімі

### 1. Өндірістік инфрақұрылым

Т е м і р ж о л д а р  
Темір жол жұмысын қамтамасыз ететін объектілер  
Темір жолдың жылжымалы құрамын жөндеу  
Темір жол сапаржайлары  
Жүк тасымалдау мен мұнай құятын терминалдар  
М е т р о п о л и т е н  
Автокөлік жолдары мен автосапаржайлар кешендері  
Аэросапаржайлар кешендері бар әуежайлар  
Аэронавигациялық объектілер  
Теңіз және өзен порттары  
Су және құрғақтағы кешендер  
Көпірлер мен жолайырымдар  
Газ тасымалдау құбырлары  
Электростанциялар (жылу, газотурбиналық, кіші су және жел станциялары)  
Трансформаторлық станциялар мен электр тасымалдау желілері (магистралдықтардан басқалары)  
Электр желілері арқылы электр энергиясын жинау, беру және бөлу  
Тарататын электржелілер  
Телекоммуникациялық желілер  
Сымсыз байланыс жүйелері, ауылдық жерлер үшін жер серігі байланыс жүйелерін қоса алғанда  
Халықаралық және қалааралық байланыс инфрақұрылымы (ақпараттық ірі магистраль)

### 2. Өңдейтін өнеркәсіп

*Ескерту: 2-тарау өзгертілді және толықтырылды - ҚР Инвестициялар жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 23 тамыздағы N 0-1/117 бұйрығымен , 2001 жылғы 2 сәуірдегі N 25-П бұйрығымен , 2001 жылғы 18 шілдедегі N 69-П бұйрығымен , 2001 жылғы 12 қыркүйектегі N 104-п бұйрығымен , 18.11.2001 ж. N 127/1-П бұйрығымен .*

Киім, иірілген жүн, мата, пішілмеген тері, аяқ киім, тон және тері заттары мен жуылған жүн өндіріп шығару  
Жиһаз және фурнитура өндіру  
Ағаш талшықты тақта (ДСП); ағаш жоңқалы тақта (ДВП); фанералар жасау; ағаш пен оның қалдықтарынан жаңа бұйымдар өндіру

Картон-қағаз бұйымдарының жаңа түрлерін өндіру  
Қағаз және картон жасау, олардан бұйымдар өндіру  
Орап, буып-түйетін материалдардың барлық түрлерін  
ө н д і р у

Ауылшаруашылық өнімдерін өндірістік өңдеу  
Крахмал және крахмал өнімдері өндірісі  
Етті өңдеп консервілендіру және ет тағамдарын өндіру  
Жеміс-жидектер мен көкөністерді өңдеу және  
к о н с е р в і л е у

Өсімдіктер мен жануарлар майын және тоң майын  
ө н д і р у

Тазартылған майлар мен тоң майларды өндіру,  
с а л о м а с а

Сүт өндірісін және оны өңдеуді молайту  
Астық тарту өнеркәсібінің тағамдарын өндіру  
Крахмал және крахмал өнімдері өндірісі  
Балық аулау мен балық өсірудің бұйымдарын өңдеу  
Балық және балық тағамдарын өңдеу мен консервілеу  
Балық өсіру, балық питомниктері мен балық  
фермаларының қызметі

Ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және сақтау  
Элеваторлар мен көкөніс базаларын салу  
Кәзіргі талапқа сай тоңазытқыш қондырғыларын салу

Сәбилер тағамын өндіру  
Кондитерлік тағамдар мен шырындарды өндіру  
Кондитерлік тағамдар өндіру  
Жеміс пен көкөністен концентраттар мен шырындар  
ө н д і р у

Жоғарғы технологиялық жаңа машиналар мен құрал-  
жабдықтардың түрлерін шығару  
Механикалық жабдықтар мен құрал-саймандар өндіру  
Двигательдер мен турбиндарды өндіру  
Гидравликалық жүйелерді, насостарды және  
компрессорларды өндіру

Крандарды, клапандарды және қазандарды өндіру  
Жылу жүйелерін өндіру  
Тісті дөңгелектер мен механикалық жылжымалы  
тетіктерді өндіру

Металлургиялық жабдықты өндіру

Құрылыс пен тау-кен өнеркәсіптеріне арналған  
машиналарды өндіру  
Ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеуге арналған  
машиналарды өндіру  
көтеретін және такелаждық жабдық пен бекіту  
тетіктерін өндіру  
Тоқыма өнеркәсібіне арналған машиналар өндіру  
Өндірістік суытқыш және желдеткіш қондырғыларын  
өндіру  
Станоктарды өндіру  
Хирургиялық медицина жабдықтары мен  
ортопедиалық құралдарды өндіру  
Спорттық құрал-жабдықтарды өндіру  
Көлік пен көлік жабдықтарын өндіру  
Жеңіл автокөліктерді өндіру  
Жүк машиналарын өндіру  
Жолаушылар тасымалдайтын автокөлік өндіру  
Арнайы мамандандырылған автокөлік өндіру  
Ауылшаруашылық машиналарын өндіру  
Доңғалақты тракторлар өндіру  
Автомобиль жабдықтарын өндіру  
Кеме жасау  
Темір жолдың жылжымалы құрамын өндіру  
Ұшатын аппараттар мен ғарышқа ұшатын  
аппараттарды өндіру  
Мотоциклдер мен велосипедтер өндіру  
Өнеркәсіптік электроника мен электротехникалық  
бұйымдарды өндіру  
Компьютерлер, перифериялар және оргтехникаларды  
өндіру  
Электрмоторларды, генераторларды және  
трансформаторларды өндіру  
Электр бөлгіш пен бақылау аппаратурасын өндіру  
Тұйық желістер мен сымдар өндіру  
Аккумуляторлар мен гальваникалық элементтерді  
өндіру  
Энергия сақтаушы электр шамдары мен жарық  
шашатын құрал-жабдықтарды өндіру  
Двигательдерге және көліктерге арналған электр

жабдықтарын өндіру  
Өндірістік процестерге арналған бақылау жабдығын  
өндіру  
Электроника мен электротехника саласындағы тұтыну  
бұйымдарын өндіру  
Тұрмыстық электр бұйымдарын өндіру  
Тарататын аппаратураларды өндіру  
Дыбыс пен бейнені қабылдайтын, жазатын және  
қайтадан көрсете алатын аппаратураларды өндіру  
Өлшегіштік-бақылау құралдарын өндіру  
Оптикалық құралдар мен фотожабдықтар өндіру  
Аудио, видео және электронды ақпарат құрал-  
жабдықтарын өндіру  
Минералдық тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғайтын  
заттарды өндіру  
Мұнай өнімдерін, оның ішінде тұрмыстық химия және  
парфюмерлі-косметикалық бұйымдарды есепке алмағанда,  
мұнай химиясы өнімдерін қазақстанның шикізатынан  
өндіру  
Полимерлік негіздегі барлық түрлерді өндіру  
(грануларды)  
Жұқа органикалық синтезді өнімдерді өндіру  
Былғары, теріге қатысты өңдейтін бұйымдарды өндіру  
Бояулар, бояғыштар, лактар, эмальдар және осыларға  
минеральды пигменттер өндіру  
Бояу мен лактарды ерітіп, сұйылтатын дайын  
ертінділерді өндіру  
Жуатын, тазалайтын және парфюмерлік бұйымдарды  
өндіру  
Арнаулы өнімдер мен дәрі-дәрмектер өндіру  
Шипалық қасиеті бар өсімдіктерді өсіру  
Дәрілік өнімдерді өндіру  
Медициналық құралдар мен медицинаға арналған  
жабдықтарды өндіру  
Мал дәрігерлігі саласына дәрі-дәрмектер өндіру  
Арнаулы маркадағы құрышталған болатты өндіру  
Отандық құрышталған болаттан өнімдер өндіру  
Гальваникалық элементтер үшін мырыш өндіру  
Қара және түсті металдар мен мыс кеспелерінен жаңа да

аса тиімді технологиялар арқылы ақтық өңделген өнімдер

ө н д і р у

Қ а ң ы л т ы р ө н д і р у

Ауыр және жеңіл кеспелер (арматура, темір жол  
рельстері мен желілер) өндіру

Қ ұ б ы р л а р ө н д і р у

С ы м ө н д і р у

Конструкциялар, өнімдер және құрылыс материалдарының  
кәзіргі талаптарға сай жаңа түрлерін өндіру

Өндіріс пен құрылысқа арналған металл конструкцияларын өндіру

Үйлерге, ғимараттарға, көпірлерге, қоймаларға және электр  
желілеріне арналған металл конструкцияларын өндіру

Құрылымды-кеңістік пен рамалық конструкциялар,  
ғимараттардың төбе жабындылары мен қаңқасын шығаруға

ма м а н д а н д ы р ы л ғ а н ө н д і р і с

Есік, терезе, есік пен терезе рамаларын, терезе  
қақпақтарын, қақпалар, саты қоршаулары мен

б а с п а л д а қ т а р ө н д і р у

Шыны мен шыны бұйымдарын өндіру

Күйдірілген қыш бұйымдарын өндіру

Сырлы кірпіш және санитарлы-техникалық бұйымдарды

ө н д і р у

Қыш шатыр мен кірпіш өндіру

Жылу, гидро және дыбыс өткізбейтін материалдар мен

б ұ й ы м д а р д ы ө н д і р у

Құрғақ және қоймалжың құрылыс қоспаларын, олардан  
жасалатын бұйымдарды, жол бетіне төселетіндерді және

толтырғыштарды жаңа технологиямен өндіру

Құрылысқа арналған шығын материалдарды өндіру

Жарылғыш және қопарғыш заттар өндіру

Табиғи және жасанды тастан жасалатын бұйымдар өндіру,

т а с қ а л д ы қ т а р ы н ө ң д е у

Полимерлік негізде құбырлар мен басқа да құрылыс

м а т е р и а л д а р ы н ө н д і р у

Тазартқыш құрылыстар үшін құрал-жабдықтар жасау

Қ а л д ы қ т а р д ы ө ң д е у

Қоқыс қалдықтарын өңдейтін заудтар

Өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу

Ойыншықтар мен ойындық, спорттық жабдықтарды өндіру

Титан қоқысты шығаруда жергілікті шикізатты пайдаланып өндіру  
Каустикалық сода мен хлор өндіру  
Бериллий оксидінен жасалатын бұйымдар өндіру  
Рэзіңке-техникалық бұйымдар өндіру  
Фосфор мен фосфор қоспалы шикізатты өңдеу  
Қ а н т ө н д і р у  
Үздіксіз болат құю технологиясын қолдана отырып, қапталған  
және қапталмаған қара металл прокатын өндіру  
Кедей мырыш концентратынан гидрометалургия тәсілімен металдық мырыш  
ш ы ғ а р у  
өте жаңа жоғары тиімді экологиялық таза технологиялар қолданылатын  
ферромарганецті қорытпалар өндірісі

### **3. Астана қаласының объектілері**

Жоғарғы мемлекеттік органдардың Астанаға көшуіне  
б а й л а н ы с т ы о б ь е к т і л е р  
Іскерлік орталықтар  
Е л ш і л і к қ а л а ш ы ғ ы

Астана қаласы инфрақұрылымының объектілері

#### **4. Тұрғын үйлер, әлеуметтік және туристік объектілер**

Коммерциялық тұрғын үй \*  
Бір-екі қабатты үйлер тобын, көп қабатты  
инфрақұрылымды үйлер, толық инфрақұрылымды  
автономды поселкілер салу (Міндетті шарттар-жергілікті  
құрылыс материалдары мен  
конструкцияларын пайдалану және отандық құрылыс  
ұжымдарын тарту жоспарын алға тарту)  
Денсаулық пен білім объектілері

Жаппай спорт, мәдениет және демалыс объектілері

### **5. Ауылшаруашылық**

Алдыңғы қатарлы технологиялар негізінде жоғарғы өнімді  
дақылдар, техникалық және май өндірілетін өсімдіктер мен  
ж ү з і м д і ө с і р у

Ауылшаруашылықтың жоғарғы өнімді түрлерінің дәндерін  
ө н д і р у

Мол өнімді мал, құс және асыл тұқымды үй жануарларын өсіру  
Жоғарғы өнім беретін малдардың ұрықтарын жаңалау және  
сақтау үшін арнайы селекциялық-генетикалық орталық құру

Аңдар өсіру мен омарташылық  
Ет пен жұмыртқа өндірудегі асыл тұқымды төл басының орнын толтыру  
Аса сіңімді және экологиялық таза жем және жем қоспаларын өндіру

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК